

**№24 «Ұшқын» негізгі орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу
мақсатындағы 2023-2024 оқу жылындағы жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналармен бірге
откізілген жиналыстың
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні : 27.09.2023ж
Қатысқандар: 28

Ұшқын ауылы

Күн тәртібі:

1. Жиналысты ашып, тақырыппен таныстыру: *МД: Ө.Ахметов*
2. «Құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет»
Баяндамашы: ДТІЖО: Б.Султанов
3. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында : *педагог-психолог У.Кулдасова*
4. Басқада мәселелер бойынша : *МДОІЖО: М.Кантеева*

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Ө.Ахметов аудан көлемінде, соның ішінде №24 «Ұшқын» негізгі орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепшілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар атқарылып жатқандығын және алдағы уақытта да жыл көлемінде жүргізілетіндігін айтып сөзін бастады. Ө.Ахметов жиналыстың күн тәртібімен мақсат міндеттерімен таныстырып өтті. Ол сөз барысында Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Алайда бүгінгі таңда баланың денсаулығы мен өміріне қауіп әлі де жоғары. Соңғы кездері кәмелетке толмағандарға қатысты заңға қайшы әрекеттер факторлары жиіленіп кетті. Жыл сайын жүздеген бала қылмыстың құрбаны болады. Оқу орындарында немесе оның маңайында болатын құқық бұзушылық алаңдатушылық тудыруда. Сонымен қатар қазіргі уақытта мектеп жасындағы балалардың көпшілігі бос уақыттарын ғаламторға, ұялы телефондарындағы әртүрлі бағдарламаларға қараумен өткізетіндігін, кейбір кездегі ғаламторға жағымсыз жаңалықтардың, бейнекөріністердің әсерінен баланың көзқарасы, психологиясы өзгеріп, ұрлық-зорлық әрекеті мен құқық бұзушылық фактілері орын алып жатады. Сондықтан әлеуметтік желілер арқылы жағымсыз көп ақпараттардың тез тарайтынын, балаларының ұялы телефонында тыйым салынған сайттарға кіріп-шығу, қолдану уақыттарына құрметті ата-аналар ерекше назар аударуларыңызды сұранамын деп сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов «Құқық бұзушылықтың алдын алу- басты міндет» тақырыбында ұлдар және қыздар тәрбиесі жайлы сөз бастады. Жиналыс барысында мектептің ДТІЖО Б.Султанов кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудандық және мектепшілік түрлі тақырыптарда іс-шаралар өтіп жатқандығын және алдағы уақыттарда жүргізілетіндігін айтып өтті. Онда Бала құқығын бекітетін маңызды заңдарға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалық отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы» және тағы басқа да заңдар жатады. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу және оны болдырмау бағытында сынып жетекшімен тығыз байланыста болу, ата-анасыз (заңды өкілсіз) шықпауын, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіндегі 442-1, 442-2 баптарында көрсетілген талаптарды орындап, түнгі сағат 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін ойын-сауық орындарына бармауын, үйден тыс жерде жалғыз жүрмеуін қадағалауды, жалпы балаларды күнделікті қадағалау керек. Ата-ана әрқашан мектеппен тығыз байланыста болып балалардың қауіпсіздігін ата-аналар тарапынан қамтамасыз ету қажеттігін айтып өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектептің педагог-психологы У.Кулдасова «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама жасады. Қайсыбір дүниенің болмасын өз қолдану уақыты, мерзімі болады. Күн мен түнді ауыстырған жанның психикасы бұзылып, жүйке жүйесіне қысым келеді. Виртуалды өмірде жасаған әрекетін шынайы өмірде жасап қаншама бала қылмысқа барған. Бала ата-анасының жасағанын айнытпай қайталайды. Таңның атысынан күннің батысына дейін телефонды құшақтап жүретін ата-ананың баласы қандай болмақ? Әлде, олармен жарыса желіні ақтарады ма? Көз майын тауысып, кітап оқиды ма? «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей отбасылардың барлығының жағдайы жақсы бола бермейді, кейбір келеңсіз отбасыларда болады, олармен тек түсіндіру шаралары арқылы ықпал ету жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда қоғамдық ықпал медициналық және құқықтық шаралар қолданған жөн. Елімізде көптеген тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардабына ұшыраған балалар да кездесіп жатыр. Және сөз соңында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Ата-аналармен сауалнама» тақырыбында жұмыс жүргізді.

Мектепішілік ата-аналар комитетінің төрағасы Х.Қайназаров және әкелер кеңесінің төрағасы О.Акимхалов – «Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыптарына қосымша шолу жасап кетті. Бала тәрбиесіне отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін күшейту керектігін, алдағы уақытта қатты қолға алу керектігін айтты. Сондықтан барлығымыз жұмыла әрекет жасауымыз керек деп ойлаймын деп сөзін аяқтады.

Мектеп директоры Ө.Ахметов жиналысты қорытындылай келе, осының алдын алу үшін, отбасылық құндылықтарды сақтауды, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмауға, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болуға, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болуға шақырды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Қорытындылай келе, осы жағдайлардың алдын алдын алу мақсатында отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілікті болдырмау, үлкендер тарапынан жасөспірімдерге жасалатын қылмыстың алдын алуға байланысты мектеппен тығыз байланыста болу, ата-ана мен мектеп әкімшілігі тарапында бір жақты шешімде болу жұмыстары күшейтілсін.

2. Бала тәрбиесінде отбасы тәрбиесінің жауапкершілігін арттыру мақсатында ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын.

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипаттағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес жұмыстар жүйелі жүргізілсін.

Мектеп директоры:

Ө.Ахметов

МДТЖЖО:

Б.Султанов

Педагог-психолог:

У.Кулдасова



Ата-аналар комитетінің

төрағасы:

Х.Қайназаров

Хатшы:

А.Рахимбердиев



«№24 «Ұшқын» негізгі орта білім беретін мектебі» КММ

Баяндама

Орындаған: Б.Султанов

**Ұшқын ауылы
2023-2024 оқу жылы**

«Құқық бұзушылықтың алдын-алу - басты міндет»

Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі – құқықтық тәрбие. Ол қоғамның әрбір азаматының мемлекеттік заңдары аса жауапкершілікпен орындап отыруы талаптарымен тығыз байланысты. Әсіресе, оның елімізде жүріп жатқан жариялылық, құқықтық және зайырлы қоғам орнату процесімен байланысының маңызы ерекше. Ол үшін адамзаттың сан ғасыр уақыттар бойы жасап шығарған жалпы адамзаттық негіздегі моральдық нормаларын қоғамның әрбір өскелең жастарының сана- сезімімен, күнделікті мінез- құлықтарына қалыптастыру қажет. Бұл талапты іс жүзіне асыру, әсіресе елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын дамыту кезеңінде, ең бірінші кезекте құқықтық сананы тәрбиелеу мен мемлекеттік заңдарды жетілдіру процесінде жандандыру айрықша міндетті іс.

Бүгінде оқушылармен жүргізетін құқықтық тәрбиенің мазмұнын айқындауда А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский “Қандай да бір құқықтық тәрбие болмасын, егер ол белгілі бір мақсатпен ұйымдастырылып жеке адамның мұқтаждығына негізделсе, екіншіден, ұжымдық жұмыстарға оқушылар шаруашылықпен қатысса, соғұрлым алдыңғы буын ағалардың әлеуметтік- құқықтық жетістіктерін, тәжірибелерін қабылдап, өз мінез-құлықтарына қалыптастырады”- деп осы мәселеге қатысты айтқан пікірлеріне кең түрде басшылыққа алудың маңызы ерекше.

Балалардың мінез - құлқының нормадан, шамадан ауытқуына түрлі жағдайлар себеп болады. Олардың ішінде ең бастысы отбасы жағдайы болып есептеледі. Өйткені тұлғаның жеке басының жамаң - жақсы қасиеттерінің негізі отбасынан қалыптасады. Сондықтан да, балалардың өнеге алып үлгі тұтары ең алдымен өздерінің ата - аналары.

А.С. Макаренко сөзімен айтқандай, “Тәлім-тәрбие, кең түрде алғанда әлеуметтік процесс”. Адамдар да, заттар да тәрбиеленеді. Дегенмен, адамдардың үлес салмағы басым. Солардың ішінде ата-аналар мен педагогтар бірінші орынға шығады деген екен. Олай болса, құқықтық тәрбиені нәтижелі ұйымдастыру үшін, отбасы жағдайын жан-жақты танып білу қажет.

Оқушыларға құқықтық тәрбие беруде олардың құқықтық сана-сезімін бірінші кезекте қалыптастырудың маңызы зор дедік. Себебі, құқықтық сана – қоғамдық санның ерекше түрі.

Сондықтан, құқықтық тәрбие беруде оқушылардың санасын тәрбиелеу, жауапкершілік сезімін көтеру, ұйымшылдық пен тәртіптілікті нығайту - мектептегі оқу-тәрбие

жұмыстарының негізгі бір бағыты. Бүгінгі таңда қоғам да, қоғамдық көзқарас та күннен күнге өзгеру үстінде. Бұқаралық ақпарат және қарым-қатынас құралдарының жұмысындағы барлық шектеулерден алынып, ақпарат тарату еркіндігі кең таралған. Ол балалардың сана сезімі мен рухына кері әсер етуде. Осының салдарынан қазір мектеп жасындағы балалардың шылым шегуі, ішімдік ішуі, есірткі қолдануы немесе әр түрлі қылмыстық іс-әрекетке баруы жиілеуде. Ата-бабамыздың салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрпы ажырап қалған, шетелдік компьютерлік ойындар мен қатыгездікке қойылған фильмдердің еркіндігіне кеткен жастарымызды қайтсек дұрыс жолға саламыз, ұлтымыздың болашағын ойлайтын санасы сергек, адамгершілігі мол жеке тұлғаны тәрбиелеу - тәрбие жұмысының негізгі мақсаты. Жас ұрпаққа тек білім берумен шектелу аз, оларды адамгершілік-рухани жағынан нағыз адам қалыптастыру керек. Құқықтық тәрбие сан қырлы, күрделі процесс, бұл жалпы және арнаулы шаралардың тұтас бір жүйесін қамтиды. Соның ең бірінші сатысы - оқушыны заңмен хабардар етіп, оның жалпы білім деңгейін көтеру.

Мектеп құқықтық тәрбие жұмысын 1-сыныптан бастап, белгілі бір жүйелілікпен ұйымдастырылған түрде оқушының оқуды бітіргенге дейінгі аралығында жүргізуі қажет. Адамның құқықтары мен міндеттері жайында баяндалған 1-бапта “Менің Отаным - Қазақстан Республикасы. Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандығы” деген жолдардан баста. 1995 жылы 30 тамызда Бүкілхалықтық референдумда қабылданып, 1995 жылы 5 қыркүйектен күшіне енген Ата Заңның Конституцияның мазмұнымен әрі ондағы құқықтық ұғымдарды таныстырудан, түсіндіруден бастаған жөн. Себебі, құқық әрбір адамның туғаннан, өлгенге дейін қоғамдағы жүріс - тұрысын, мінез - құлқын, адамдармен, жалпы тіршілік ету ортасымен қарым - қатынасын реттейді. Ол үшін мектебімізде «Заң және жасөспірім» атты айлықтар шеңберінде «Мен және заң», «Жауапкершілік түрлері», тақырыптарда сынып сағаттары, дөңгелек үстел өткізілді.

Мектептің ұстаздар ұжымы жастарды тәрбиелеудің Кешенді бағдарламасын жүзеге асыруда негізгі бағыты оқушыларды патриоттық және адамгершілікке тәрбиелеу, қосымша жасөспірімдер арасында құқықтық тәрбиелеу және құқықбұзушылықтың алдын алуға мақсатты түрде жұмыс істейді. Осы бағытта барлық жұмысты құрамымен басқарды. Балаларды оқумен қамту сұрақтары мектеп әкімшілігінің әрдайым бақылауында.

Оқушылардың арасында құқықбұзушылықтың алдын алуға көп көңіл бөледі.

Мектеп мұғалімдері әрдайым жасөспірімдерде белсенді азаматтық және өмірлік ұстаным, қазақстандық отансүйгіштікті қалыптастыруға тырысады. Осы оқу жылының қыркүйек және ақпан айларында ҚР рәміздеріне арналған сынып сағаттары өткізілді, онда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туына, Мемлекеттік елтаңба мен Мемлекеттік әнұранына жауапкершілікпен қарауға және жауапсыз болған жағдайда жазалануға тиісті екені ескертілді. ҚР «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» Заңы – Заңның 39, 40, 41 баптары - негізінде мектепте оқушылар мен ата-аналар арасында күш көрсетуді, балалардың қаруланған шиеленістерде қатысуын насихаттайтын, осылай баланың рухани және ізгілікті дамуына зиян келтіретіні жайлы түсіндіру жұмыстары атқарылды. Жыл сайын, қыркүйектің басында мектепте салауатты өмір салтын насихаттау мен енгізу, темекі шегудің, ішімдік ішудің, нашакорлықтың, басқа да жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар талқыланады. Бұл бағытта сынып жетекшілері, мектептің медициналық қызметкері белсенді жұмыс атқарады,

21 ғасырдың қауіпті мәселесі бір-бірімен байланысты АҚТҚ мен нашакорлық болып отыр. Біздің мектепте көп жылдан бері «Біз қарсымыз!» атты талқыланған өз бағдарламасымен наркопост жұмыс жасайды.

- «Есірткімен балалық шақ»;
- «Әлем балалары мен АҚТҚ»
- «Ішімдік ішудің бұзатын күші»
- «Сіздің бүгінгі қадамыңыз - болашақтың негізі»;
- «Зиянды әдеттерге қалай қарсы тұру керек?»

Жылдың басында мектеп медбикесі «Сақ бол, есірткі!» ақпараттық бұрышын рәсімдеді, сонымен бірге емхананың наркологын «қатерлі топ» оқушыларымен кездестіру ұйымдастырылды, онда «Балалар мен нашакорлық» тақырыбы бойынша лекция өткізілді.

Барлық сыныптарда қорку, үрейленудің және өзіне қол жұмсауға бейім болудың алдын алу бойынша тестілер, оқушылармен жеке әңгімелесулер өткізеді.

Барлық оқу жылы бойына мектептің әкімшілігі мен ұстаздары асоциалды, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды, кәмелетке толмаған балалардың түнгі уақытта үйлерінде болуын қамтамасыз ету мақсатында «Түнгі ауылдағы балалар», «Қамқорлық» акцияларын өткізеді. Аралау нәтижесінде тексеру актілері жасалып, отбасыларына ұсыныстар беріледі. Мұндай акцияларды өткізу үшін ата-аналар қоғамы, құқыққорғау органдарының қызметкерлері шақырылады.

ДНД-да кешкі кезекшілік кестесі жасалып, іске асырылады.

Жазғы уақытта, құқықбұзудан қашу үшін жазғы уақытты ұйымдастыру бойынша дәстүрлі жұмыс жүргізіледі. Бұл балалардың мектеп жанындағы алаңдағы жұмысы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың, қамқорлыққа алынған балаларын қала сыртындағы лагерлерге тегін жолдамалармен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізіледі.

Барлық тәрбиелеудің негізін отбасы қалайды. Бұл баланы- болашақ азаматты қалыптастыру - басты әлеуметтік институты. Сондықтан отбасындағы ата-аналардың дұрыс қарым-қатынасы, бұл жағынан отбасы мен мектептің өзара қатысы жастарды тәрбиелеуде маңызды орын алады. Мектептің әкімшілігі мен ұстаздары ата-аналар қоғамының көмегіне сүйеніп, оқу-тәрбие үрдісінің мәселелерін шешуде сыныптық ата-аналар комитетінің рөлін көтеріп отырады.